

АО «НК «ҚТЖ»» является одним из крупнейших участников транзитных маршрутов из Китая в Европу. В компании проведена большая работа по анализу существующих систем участников для максимальной адаптации под потребности клиента. Результатом стал проект «Эффективная логистика и бесшовный транзит». Он включает в себя четыре инициативы, каждая из которых нацелена на определенные этапы перевозок, развитие логистического сектора за счет использования различных IT-инструментов.

Ерлан КОЙШИБАЕВ,
управляющий директор по логистике АО «НК «ҚТЖ»»



№30-31 (2745-2746)
26/04/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ОБЩИЕ ИНТЕРЕСЫ

Вопросы развития сотрудничества в транспортной отрасли обсудили во время встречи в столице Казахстана председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлан Сауранбаев и глава ГАО «Латвийские железные дороги» Марис Клейнбергс.

Руководители железнодорожных администраций отметили положительную динамику перевозок между странами. В первом квартале 2022 объем перевозок

грузов между Казахстаном и Латвией увеличился в 18 раз по сравнению с аналогичным периодом прошлого года и превысил 1,5 миллиона тонн. Стороны подтвердили

готовность к активному сотрудничеству в этом направлении.

Роман ЛЮБИМОВ
Фото Александра ЖАБЧУКА

Сауле ИСТЛЕЕВА,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры:



Семинар

НОВОЕ СЛОВО В РЕМОНТЕ

Семинар с демонстрационным ремонтом головки рельсов алюминотермитной наплавкой в пути по технологии Thermo Head Repair (THR) прошел на учебном полигоне Астанинской дистанции пути.

Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

В мероприятии приняли участие главный инженер – директор департамента технической политики АО «НК «ҚТЖ»» Батыр Котырев, руководители Дирекции магистральной сети, Центра диагностики пути, а также главные инженеры ряда дистанций пути.

– Одним из важнейших этапов в технологической цепочке является внедрение новых высокоэффективных ресурсосберегающих технологий, применяемых в путевом хозяйстве, которые позволяют увеличить срок службы материалов верхнего строения пути, – отметил Батыр Котырев.

Ресурсосберегающая технология THR концерна Goldschmidt Thermit (Германия) позволяет продлить срок службы рельсов, сократить расходы на ремонт и содержание пути, обеспечить проведение работ по устранению дефектов без заявки на длительные окна, эффективно и быстро ликвидировать дефекты головки рельсов длиной до 220 миллиметров. При этом в процессе работ не нарушаются целостность плетей бесстыкового пути и температурный режим их закрепления.

– Технология успешно про-



шла комплексные испытания во ВНИИЖТ, разработаны и утверждены нормативные документы, предприятие имеет многолетний опыт работы на железных дорогах России и Беларуси, – проинформировал технический директор ООО «ГТ-Алюминотермитная сварка» Валерий Климов.

В рамках полевого семинара продемонстрирован весь процесс ремонта рельса посредством алюминотермитной наплавки. Работы продолжались один час 15 минут, при этом необходимое время для перерыва движения поездов составило полчаса.

По завершении сотрудники Центра диагностики пути провели дефектоскопирование участка с

искусственным созданием дефектов в шейке рельса, чтобы определить влияние отремонтированного участка на качество работ ультразвуковых средств дефектоскопии.

На брифинге по результатам демонстрационных работ участники обсудили условия ремонта, требования к эксплуатации направленных рельсов, дефектоскопии отремонтированного участка, затронули вопросы утилизации отходов производства.

Участники назвали результаты ремонта головки рельсов алюминотермитной наплавкой в пути положительными и определяющими возможность применения технологии THR на участке магистральной сети АО «НК «ҚТЖ»».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ 3 АЙЫНДА ҚҰРЫҚ ПОРТЫ ПАРОМДЫҚ КЕШЕНІНДЕ

84

КЕМЕ ӨТДЕЛГЕН.

КӨКТЕМГІ КОМИССИЯЛЫҚ БАЙҚАУ КЕЗІНДЕ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША

1000

АСТАМ ЛОКОМОТИВ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДЕН ӨТЕДІ.

ҚАЗАҚСТАН АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН ТРАНЗИТТІК ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ БІРІНШІ ТОҚСАНДА

5,9 млн

ТОННАФА ЖЕТТІ.

МЫҢНАН АСТАМ АДАМ ҚАТЫСТЫ



«Тазалық – саулық негізі, саулық – байлық негізі» демекші, қоршаған ортаны таза ұстаудың арқасында адамдар салауатты өмір салтын қалыптастыра алады. Көктем – тазалық айы, жаңару айы. Сондықтан бұл айда жаппай сенбілікке шығып, тазалық жұмыстарына жұмылу теміржолшылар үшін дәстүрге айналған.

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан

Биыл да 16 және 23 сәуірде қатарынан екі сенбіде жалпықалалық сенбіліктер өтіп, оған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының орталық аппаратының, еншілес ұйымдары мен филиалдарының қызметкерлері бір кісінің баласындай үлкен ұйымшылдықпен қатысты.

Сенбілік «Birge – taza Qazaqstan» акциясы мен көктемгі экологиялық айлық шеңберінде өтті. Көшелер мен оған қиылысқан аумақтарды қоқыстан тазартуға теміржолшылар елорданың өзге де мекеме-ұйымдарының қызметкерлерімен бірге атсалысты. Сала еңбеккерлері сыпырғыш, тырма, күрек және қап сияқты «бес қаруларын» сайлап алып, Қосшы тас жолын, айналма жолдың оң жағы мен сол жағына



қоса «Гарден Вилладж» коттеджі қалашығының бұрылысына дейін, сондай-ақ Д.Қонаев көшесінде орналасқан әкімшілік ғимараттарға іргелес аумақты, Гете 9/1 көшесі, Жеңіс даңғылы 42, «Теміржолшылар» тұрғын алабы және «Ангар» өндірістік учаскесі мен Жеңіс даңғылы, 39/1 аумақтарын шөп-шалам мен қоқыстардан тазартты. Бұл аталған аумақтағы жұмыстарға барлығы 1000-нан астам адам қатысты.

Көктемгі сенбіліктер – теміржол қызметкерлері үшін дәстүрге айналған іс-шара. Қолайлы ауа-райы мен ұйымшыл ұжымның жұмыла жасаған еңбегі сенбілікке қатысушыларға нағыз көктемгі көңіл-күй мен белсенді іс-қимыл сыйлады.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

ҚҰРЫЛЫС ЖҮГІ ТАСЫМАЛДАНАДЫ

Атырау қаласында құрылыс материалдарын жаз маусымында теміржолмен тасымалдауды қамтамасыз ету бойынша кеңес өтті. Бұл өңірде халықаралық Атырау-Астрахань тас жолының қайта жаңартудан өтіп жатқанына екі жылдың жүзі болып қалды. Биыл тағы жалғастын жол жұмысына қажетті қиыршық тас теміржол көлігімен тасымалданбақ.

Бұл туралы «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, әкімшілік өкілдері, сондай-ақ, Батыс өңірінің жүк жөнелтушілері мен жүк алушылары қатысқан жиында белгілі болды. Жиында «ҚТЖ» ҰК» АҚ инертті жүктерді тасымалдауды ерекше бақылауда ұстап отырғаны сөз болды. 2022 жылғы наурызда еліміздің магистралі арқылы 1 млн тонна құрылыс жүгі тасымалданып, оның көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 20%-ға асып түскен. Құрылыс материалдарын тиеу құрылымындағы негізгі үлесті қиыршық тас алып отыр. Жалпы, үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында құрылыс жүктерін тиеу 4%-ға, яғни 2,3 млн тоннаға дейін өскен. Құрылыс материалдарының негізгі көлемі елдің ішкі нарығының тұтынушыларына тиесілі болып отыр.

Кеңесте қиыршық тастың жоспарланған көлемінің тасымалын орындау, «Қазтемір-транс» АҚ вагон паркін ұтымды пайдалану, жүктерді тасымалдаудың технологиялық және техникалық процестері сияқты мәселелер талқыланды.

Кеңеске қатысушылар мұндай форматтағы кездесулер өзекті мәселелерді жедел шешуге көмектесетінін атап өтті. Олар құрылыс жүктерін тиімді тасымалдауға дайын екендіктерін білдірді.

Сұлғұл БАКЕСОВА

ИСТОЧНИК БОЛЬШОГО ЗНАНИЯ

Департаментом управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ»» разработана и внедрена программа обучения «Мүмкіндік» (возможность), предназначенная для всех сотрудников компании.

Как отмечают организаторы, данное обучение направлено на развитие навыков предпринимательства. Так, базовые знания по открытию и ведению своего бизнеса придадут уверенность в завтрашнем дне каждому желающему развиваться и повышать свои компетенции, в особенности для высвобождаемых сотрудников.

Еженедельно сотрудникам по электронной почте поступает уведомление с инструкциями для доступа на вебинары, тематика которых очень разнообразна. Здесь каждый может подобрать что-то полезное и интересное для себя. К примеру, среди предлагаемых к обучению тем, которые пополняются со временем – «Основы правовой грамотности предпринимателя. Как делать все правильно», «Управление деньгами. Как сберечь и приумножить?», «Налоговые аспекты для начинающих предпринимателей», «Практические навыки ведения переговоров», «Госзакупки. От регистрации до первых договоров», «Личностный рост как причина успеха в жизни», «Инструменты поддержки для стартапов», «Портал электронных услуг», «Формула конфликта: Участники + Повод + Причина + Эмоции», «Как отказать в просьбе?».

– Когда я впервые увидела информацию о данной программе, я и не думала, что окажусь настолько погружена в это захватывающее обучение. Хочу выразить большую благодарность организаторам за предоставленную возможность бесплатного прохождения таких простых и понятных видеокурсов в Системе дистанционного обучения и тестирования (СДОИТ), – отмечает инженер-технолог ППО филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки-Илец» Рамиля Нуржауова.

По ее словам, обучение построено очень грамотно, все объясняется легким и доступным языком.

– Мне 49 лет, из которых 26 я работаю на железной дороге. И мне очень интересно узнать что-то новое, чем обычно в повседневной жизни не занимаешься. Хочу подчеркнуть, что обучение дается очень легко. Думаю, что слушатели вебинаров могут развивать свои личностно-деловые качества, стать более грамотными в разных сферах, узнавать то, что может пригодиться в любой жизненной ситуации, – говорит она.

Асель ШАЙХЫНОВА

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТ ТІРКЕЛМЕГЕН

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент



Жалпы, теміржол саласында еңбекті қорғау аса маңызды. Теміржол көлігін пайдалану – жылжымалы құрамның жұмысы теміржолшының өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиянын тигізбеуі тиіс. Жұмысшы өндірістік жарақат алмас үшін қауіпсіздік барынша сақталуы тиіс.

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы жылы ешқандай жарақат алған жағдай тіркелмеген. Ал былтыр мамыр айында бір оқиға орын алған екен. Өндірістік жарақаттанудың алдын алу үшін 11 іс-шара бекітілген, соның бүгінге дейін алтауы ішінара орындалған. Жалпы, еңбек қорғауға биыл 34 миллион 650 737 теңге қарастырылған. Бүгінде бөлімшеде теміржолшылардың жұмыс орнын талапқа сәйкестендіру, еңбек гигиенасын сақтау, зиянды заттардан және шудан қорғау, теміржол объектілерін жарықтандыру, т.т. бағытта жұмыстар жасалып жатыр. Сонымен қатар, жұмысшыларға арнап қорғаныс құралдары мен арнайы киімдердің жаңа түріне тапсырыс берілген. Жазғы маусымға қарай теміржолшылар жаздық киіммен жүз пайыз қамтылған. Ал қыстық киімдер келісімшарт бойынша күтілуде.

ДЕПОҒА САЯХАТ

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан



Ақмола жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Жаңаөсіл локомотив пайдалану депосына жергілікті орта мектептің жоғары сынып оқушылары экскурсия жасады.

Мақсат – оқушыларды кәсіптік бағдарлау, темір жол мамандықтарымен таныстыру, сондай-ақ темір жолдағы жүріс-тұрыс нормаларын түсіндіру және жол бойында балалар жарақатына жол бермеуді көздеуі.

Өндірістік қауіпсіздік және экология секторының бастығы Карина Мұхтарова оқушыларды жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіп (ескертпелік белгісі бар кеудеше мен каска) және міндетті түрде нұсқамадан өткен соң барып депоға алып кіріп, өндіріспен таныстырды.

– Балалар темір жолдағы ең маңызды мамандықтардың бірі – машинист жұмысымен жіті танысты. Олар локомотив бригадаларының рейс алдындағы дайындығын, локомотивке техникалық қызмет көрсету процесінің жүріп жатқанын көріп, техникалық сабақтар өткізілетін класқа барды. Электровозға көтеріліп, машинист кабинасын көруге ықпалас танытқандарға мүмкіндік беріліп, олар басқару пультін көзбен көріп, қолмен ұстады. Сонымен қатар, пойыздар қозғалысы аймағында жауапсыздық салдары жазатайым жайттарға әкелетінін нақты мысалдармен түсіндірдік, – дейді Карина Мұхтарова.

ӘКІМШІЛІКТЕН – БИЗНЕС – СЕРІКТЕСТІККЕ?

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан



Жақында «Магистраль» сарапшылар форумында ҚТЖ-дағы адами ресурстарды басқару жүйесінің әкімшіліктен бизнес-серіктестікке көшу жайы сөз болды.

Еліміздегі ең ірі жұмыс беруші ҚТЖ-ның тәжірибесі мыңдаған адам еңбек ететін ұжымдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету тұрғысынан көпшілікті қызығушылығын тудырады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Сәуле Истлеванның айтуынша, бүгінгі таңда компанияда 113 мың адам еңбек етеді, олар қажеттіліктері, қызығушылықтары бойынша жас шамасына қарай ішкі топтарға бөлінген. Осы қызметкерлердің әрбірінің қажеттіліктеріне қарай компанияда ынталандыру жүйесі жасалуда. Оған жастар, тұрғын үй саясаты және білім беру бағдарламалары мен марапаттар, сонымен қатар әлеуметтік пакеттер мен сыйақы жүйесі жатады. Кадр саясатының басты мәні де сонда жатыр, дәл сол тұрғыда аталған департамент компанияның даму стратегиясына үлес қосады.

Ал компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінің аға HR бизнес-серіктесі Әсел Ақтаудың айтуынша, компанияда 2021 жылы жұмысшылардың айлығы екі рет көтерілген. Биыл өндірістік персоналдың айлығы төмен жалақы алатындарға басымдық беріле отырып өскен. Оған қоса компанияда өндірістік қызметкерлерді сыйақыландыру жүйесі енгізілді, бұл жүйемен 2025 жылға қарай барлық қызметкерлерді қамту көзделіп отыр.

– HR-қызмет бәсекелестік негізде персонал іріктеуден бастап, оларды салалық оқу орталықтарында оқытып, біліктілігін арттыруға дейінгі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарына да араласады, – деді «Магистральдық желілер дирекциясы» филиалының адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Руслан Барбасов. Эфир соңында қатысушылар әкімшіліктің HR-дан бизнес-серіктестіктің стратегиялық рөліне және «құжаттармен жұмыстан» «адамдармен жұмысқа» көшудің маңыздылығын атап өтті.

ЖҮЗАҒАШТАН БАСТАЛДЫ



Қуан ЕРТІС,
Семей

– Биылғы көктемгі байқау жылдағыдан кештеу басталды. Оған себеп шалғайдағы станциялар мен мекеме теміржолшылары комиссиялық тексеру шараларына толық даярлық жүргізіп алын дедік. Оның үстіне Өскемен өңірінде, Защита-Күмістау-Алтай телімі бойынша қалың қар қауіп туғызып, кеш ерді. Жол шаруашылығындағы барлық құрылғыларды сүзгіден толық өткізіп шығу үшін қосымша уақыт қажет болды, – дейді бұл орайда пікір білдірген Семей ЖТ өндірістік техникалық бөлімінің қызметкерлері.

Көктемгі комиссиялық тексеру

Ел шығысындағы Семей ЖТ бөлімшесі бойынша жыл сайын өткізілетін көктемгі комиссиялық тексеру жұмыстары басталды. Сәуір айының 25-нен басталған шара мамырдағы мерекелік күндерге дейін жалғасатын болады.



Биыл Ақтоғай-Аягөз телімінен басталды. Жаңадан тағайындалған бөлімше басшысы Владимир


Бабиченко тексеру барысында бастан-аяқ жүріп, барлық станциялар мен жол айрықтарында

болып, бөлімше жұмысымен толық таныспақ. Сонымен қатар, Аягөз, Шар, Дегелең сынды жүк станцияларында тораптық кеңестер өткізіліп, бірқатар мәселелер сарапқа салынбақ. Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Семей аймағы бойынша бас ревизоры Темірбек Ақшалов арнайы баяндама жасап, сала қызметкерлерінің оққы тұстарын сарапқа салады деп күтілуде. Онда қысқы жұмыстардың қорытындысы жасалып, әр мекеменің қызметі бағаланып, жазғы маусымдағы межелі шаралар талқыланатын болады.

Бақылау жұмыстары осыдан соң Шар-Жаңа-Семей, Локоть-Семей телімдері бойынша жалғаспақ. Одан кейін Дегелең мен Жаңа-Семей аралығындағы жазғы жұмыстарға әзірлік барысы толықтай тексерілетін болады. Ал, Ауыл, Белағаш, Дүйсекең, №41 жол айрығы телімдерін сүзгіден өткізу алдағы аптаға жоспарланған. Ал Семей мен Жаңа-Семей станциялары бойынша тексеру ең соңынан жүргізілмек.

Көктемгі комиссиялық тексеру жұмыстарының нәтижесі 13 мамыр күні Семейдегі кеңейтілген тораптық жиында жарияланады. *Суретті түсірген автор*

ЖҮК АЙНАЛЫМЫНДА ӨСІМ БАР



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Бүгінгі таңда теңіз бен теміржол түйіскен дәліз рөлін атқарып отырған түбектегі станцияда жұмыс қызып тұр. Бірінші тоқсанда станцияға келген пойыздар саны артқан. Тек наурыз айындағы вагон айналымы 27 960, жалпы үш айда 73 466 вагонды құраған.

Жыл басынан бергі үш айда Маңғыстау станциясының қабылдау көрсеткіштері жоғарылаған. Станцияға жүк теңіз жолымен Құрық және Ақтау порттарынан келсе, Болашақ арқылы Түркіменстаннан және басқа станциялардан жеткен жүк қабылданып, жөнелтіледі.

Тоннаға шаққанда наурызда Маңғыстау станциясы арқылы 99 875 тонна, ал үш айда 220 165 тонна жүк өтті деген сөз. Өткен жылмен салыстырғанда былтырғы үшінші айдағы 698,7 орташа тәуліктік вагон айналымы биыл 901,93 вагонға дейін көтерілген. Жылдың алғашқы үш айындағы орташа көрсеткіш болса 2427,03 тоннадан 2446,27 тоннаға өскен.

– Қазір құрлық жолымен де, су жолымен де түрлі мемлекеттен келетін жүк көбейген. Станцияның өткізу көрсеткіштері күннен

күнге жоғарылауда. Биылғы наурыз айына пойыздарды қабылдау жоспары тәулігіне 15 пойыз болатын. Біз іс жүзінде 16,25 пойызға қызмет көрсеттік. Бірінші тоқсанда жоспардың орындалуы 13,33-тен 15,35 пойызға жетті. Бұл тек қабылдауға қатысты. Жөнелтуге келсек, өткен айда күніне жоспардағы 15 пойыз емес, 17,19 пойыз жіберілді. Соңғы үш айда бұл меже 115,4 пайызға орындалды, – деп ақпар берді Маңғыстау станциясы бастығының міндетін атқарушы Бақыбай Исатаев.

АЛҒАШҚЫ ТОҚСАН НӘТИЖЕЛІ БОЛДЫ



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Станция бастығы Есенжан Темірғалиевтің айтуынша, өткен 3 айда станция жоспар межесінен көріне алды. Мәселен, үш айда вагон айналымы 117,0 %-ға орындалды. Орташа тәуліктік жүк тиеу көлемі жоспардағы 3 вагонға орындалған. Тоннамен есептегенде станция арқылы 114 тонна орнына 152 тонна жүк тиеліп, жоспар 133,3 пайызды құраған.

Станциядан күніне 2-3 пойыз, 100-150 вагон қабылдап-жөнелтіледі, жолдары қысқа, дөңесі жоқ станция үшін бұл аз емес, әсіресе жүк тиеу мен түсіру көлемі артып кеткен кезде қиын. Жалпы, Атырауға келетін жүктің 60 пайызы аталған станцияға тиесілі. Басқа станциялар сияқты мұнда тек мұнаймен емес, дистерналарға бензин, мазут, реактивті отын құйылады. Егін егу мен орақ кезінде еліміздегі ауыл шаруашылығы мекемелеріне тапсырыс бойынша дизель отыны жіберіледі. Ал

Ақжайық станциясы жүк тасымалының бүгінгі көлемін толық игеріп, бар мүмкіндігімен жұмыс істеуде. Станцияның 7 қабылдап-жөнелту, 3 тұрақтау жолы бар. Маневр жұмыстары екі маневрлік тепловозбен атқарылуда.



қазір көктемгі егістің қызып тұрған шағы.

Өңірдегі мұнай компанияларының тоқтасыз жұмыс жасауы да тасымал көлеміне оң әсер етіп тұр. Ал, жүк түсіру тәулігіне 39 вагон болса, ол 73,2 пайызға орындалып, межеге жетпеген. Дегенмен, статистикалық салмақ 114,7 пайызға орындалды. Ақжайық станциясы тек мұнаймен ғана жұмыс жасамайды, дистерналарға бензин, мазут, реактивті отын құйылады, еліміздегі ауыл шаруашылығы мекемелеріне тапсырыс

бойынша дизель отыны жіберіледі. Атырау аймағында «Ақтөбе-Атырау-Астрахань», «Миалы-Қарабау-Индер» тас жолдарында құрылыс жұмыстарының қарқынды жүруі де жүк көлемі мен салмағының артуына ықпал етіп отыр. Өңірде карантиндік шектеулер жойылып, станция ұжымы толық жұмыс кестесіне көшкен. Соған сәйкес, алғашқы тоқсандағы жұмыс нәтижелі деуге болады. *Суретті түсірген автор*

ҚИЫРШЫҚ ТАС ТИЕУ КӨЛЕМІ АРТАДЫ



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Станцияда жүк тиеу жұмыстары өткен жылдың жаз айында қарқын алды. Станция басында тоғыз кірме жол бар, олардан күніне 200-250 вагон қиыршық тас тиеліп жөнелтіліп жатты. Бершүгір аумағынан шығарылатын қиыршық тасқа Қызылорда, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Орал облыстарынан сұраныс көп. Жалпы, соңғы жылдары Қазақстанда қиыршық тасқа сұраныс айтарлықтай артқан. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігін сақтау мақсатында Бершүгір қиыршық тас зауыты жол құрылысына қажетті тауарлы ірі фракциялы қиыршық тас өндірісінен сұранысқа ие жоғары сапалы ұсақ фракциялы

«ҚТЖ– ЖТ» ЖШС Батыс аймақтық филиалына қарасты Бершүгір станциясынан өткен жылы 2 миллион 700 тонна қиыршық тас тиеліп, жөнелтілген. Жол картасы бойынша жұмыс жоспарының артуына байланысты станция биыл жүк тиеу жұмыстарының көлемін 3 миллион тоннадан асыруды көздеп отыр.

қиыршық тас өндірісіне ауысты.

"Станциядан тек республиканың іші емес, көрші елдерге, Ресей мемлекетіне де қиыршық тас жөнелтеміз. Теміржол тасымалында, вагондарды дайындау, тиеу, жөнелту жұмыстарында кедергі болған емес. Бүгінде жол картасы аясында жұмыс жасап жатырмыз," – дейді Бершүгір станциясының басшысы Серік Жұбаназаров.

Жолаушылар пойызынан бөлек жүк пойыздары үздіксіз үлкен қарқынмен өтіп жатқан станцияда қауіпсіздік мәселесі қашан да өзекті. Бүгінде теміржол бойындағы қоршаулардың бұзылған жерлерін қайта қалпына келтіру, белгі беру қондырғыларының ақаусыз жұмыс жасауын қадағалау, жергілікті тұрғындармен, мал иелерімен

профилактикалық түсіндіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Мектептерге барып оқушылармен кездесулер ұйымдастырылуда. Барлық станциялар қауіпсіздікті күшейту жөнінде хабарлама алған. Оған теміржол аумағында жылжымалы құрамдармен болып жатқан апатты жағдайлар, күн жылынып көктем келуімен жол бойында төрт түліктің көбеюі, т.т жағдайлар себеп болуда.

"Адамдардың басын жинау қиын болғаны халық көп жиналатын той-садақаларға арнайы барып, темір жолдағы қауіпсіздік жайын түсіндіріп, жылжымалы құрамның қозғалысына кедергі келтірсе, малдың иесіне айыппұл салынатынын, жауапкершіліктің қатандатылатынын ескертудеміз", – дейді станция басшысы.

ГЛАВНЫЙ ЭЛЕМЕНТ КОНТРОЛЯ

Под руководством директора департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» Марата Шакенова проведены эксплуатационные испытания системы интервального регулирования движения поездов (СИРДП-Е) на линии Жетыген – Алтынколь.



АКТУАЛЬНО

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматынская область

Эксплуатационные испытания СИРДП-Е состояли из трех этапов. В рамках первого осуществлены стационарные тесты, во втором – динамические испытания, подконтрольная эксплуатация прошла на третьем этапе.

Всего в период с февраля по апрель текущего года организовано 104 поездки по системе СИРДП-Е, где 89 прошли без замечаний и 15 показали сбой по причинам неисправности датчиков путевой скорости и оборудования связи.

На сегодняшний день обучено уже 136 локомотивных бригад для самостоятельной работы на данном участке, также обучение прошли все машинисты-инструкторы грузового и пассажирского движения и 48 работников вагонного депо.

Система СИРДП-Е состоит из микропроцессорной централизации стрелок и светофоров EbiLoc-950, диспетчерской централизации, центра радиоблокировки и бортовой системы безопасности, в которую входит система контроля целостности состава поезда (СКЦП).

Особенность заключается в том, что управление движением поездов осуществляется по радиоканалу с использованием концепции подвижных блок-участков.

Стоит отметить, что на рабочем месте поездного диспетчера

участка Жетыген – Алтынколь установлен комплекс управления процессами перевозок RailTMS, разработанный ООО «1520 Сигнал», который позволяет максимально эффективно использовать пропускную способность участка за счет построения наиболее оптимального графика движения поездов благодаря интеллектуальному модулю – главному элементу системы.

Система также позволяет сократить эксплуатационные расходы за счет отказа от наполных устройств на перегонах, снижения износа пути и подвижного состава, – отметил Марат Шакенов.

Параллельно с испытаниями СИРДП-Е было продемонстрировано функционирование системы «Cybe-RR tools». Техническое решение при помощи специ-



антенно-мачтовую конструкцию для систем радиосвязи стандарта TETRA/LTE. Также на 1664-м километре перегона Байсерке – Жетысу они ознакомились с системой контроля занятости

ежесуточного пропуска семи поездов по СИДРП-Е, а также наложен запрет на использование на этом участке локомотивов, не оборудованных ЛБТ.

Кроме того, участники отметили необходимость принятия мер по выделению дополнительного штата по основным профессиям, в том числе составителей поездов по станциям Шелек, Медеу, Капчагай, Кайрат, дежурных на станциях Шолкызыл, Шелек, осмотричков-ремонтников.

По итогам совещания дано поручение до конца мая текущего года предоставить для испытания облегченный вариант хвостового полукомплекта, а также разработать мероприятия по недопущению отказов технических средств и обеспечению постоянного контроля за соблюдением безопасности движения на участке.

Фото автора

ОСОБЕННОСТЬ СИРДП-Е ЗАКЛЮЧАЕТСЯ В ТОМ, ЧТО УПРАВЛЕНИЕ ДВИЖЕНИЕМ ПОЕЗДОВ ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ПО РАДИОКАНАЛУ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ КОНЦЕПЦИИ ПОДВИЖНЫХ БЛОК-УЧАСТКОВ.

ально закрепленного антивандального датчика позволяет оповещать работников о смене местоположения тормозного башмака, отображать на АРМ карту местности и координаты тормозного башмака с его номером с использованием карт станционных путей, сохранять архив всех перемещений тормозных башмаков.

Члены комиссии посетили станцию Байсерке, где представители компании RtelGroup презентovali

железнодорожных переездов (SMART-переезда).

В ходе итогового совещания с причастными службами Марат Шакенов отметил, что со стороны руководства НОДП-7 и РЦУП-2 недостаточно контролируются вопросы обеспечения безопасности движения при организации работы на участке Жетыген – Алтынколь по системе интервального регулирования движения поездов. Даны конкретные указания по обеспечению



СВЕСТИ ВОЕДИНО



ИТОГИ

За первый квартал 2022 года по Акмолинскому региону аппаратом РБ-1 «Акмола» проведено 214 проверок, выявлено 2 103 несоответствия. По сравнению с аналогичным периодом прошлого года количество нарушений безопасности движения уменьшено до одного случая.

Айлин БАУРЖАН,
Кокшетау

В целом по региону событий и инцидентов не допущено, в прошлом году зафиксирован один случай

инцидента в вагонном хозяйстве.

С целью предупреждения нарушений ревизорами безопасности движения проводились проверки соблюдения требований технологических процессов производства, правил ведения поезда,

содержания и эксплуатации устройств инфраструктуры, технических средств и подвижного состава.

Как утверждает заместитель главного ревизора по Акмолинскому региону Баглан Бермаганбетов, ревизор по безопасности движения поездов – это эксперт, обладающий максимальной сосредоточенностью, высоким уровнем знаний и часто находящийся в ненормированном режиме работы.

– Тщательно проанализировав все сводки и результаты проверок ревизорам необходимо найти слабое звено, недостатки, которые могут привести к аварийной ситуации, – отметил он.

Только в первом квартале 2022 года аппаратом РБ-1 «Акмола» проведено 214 проверок, в том числе внезапных – 49, целевых – 153, ночных – 12. Выявлено 2 103 несоответствия. В том числе 952 по содержанию и эксплуатации технических средств и подвижного состава, 840 – несоблюдение технологии производства работ, 247 нарушений в ведении документации, 41 – по отсутствию документации, 14 – по аттестации (допускам) персонала, 9 относятся к прочим причинам.

Также ревизорами аппарата принято 235 запретных мер.

Вышеперечисленные проверки дают существенный положительный результат в работе структурных подразделений, что отражается в показателях по безопасности движения поездов. Указанные мероприятия являются задачей для снижения и недопущения нарушений, – заключил Баглан Бермаганбетов.

Фото автора

СФОРМИРОВАТЬ КУЛЬТУРУ ТРУДА



БЕЗОПАСНОСТЬ

Ольга УШАКОВА,
Оскемен

Она предполагает организацию конкурсов, информационно-разъяснительных бесед, встреч с теми, кто получил травмы на производстве. Каждая организация разработала свой план мероприятий на основе приказа руководства Семейского отделения грузовых перевозок от 18 апреля о проведении Всемирного дня охраны труда, цель которого – общими усилиями сформировать позитивную культуру охраны труда. В документе говорится о необходимости вывесить аншлаги, провести информационно-разъяснительную работу по предотвращению несчастных случаев на производстве, продвижению охраны труда, провести мероприятия по программе конкурса «Қауіпсіздік кәсібилікте».

Как рассказал начальник сектора производственной безопасности и экологии Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Нурлан Наурызбаев, на их предприятии подготовили обширную программу. Помимо вывешивания информационных аншлагов, проведения бесед с работниками на тему «Безопасный труд – право каждого человека!» здесь организуют конкурсы на лучшее рационализаторское предложение по достижению нулевого травматизма, на лучший видео-инструктаж по безопасности и охране труда, безопасным приемам труда по профессии, а также конкурсы «Лучшее безопасное ПТО года», «Лучший уголок охраны труда», «Лучший кабинет охраны труда», «Лучшая

комната приема пищи», «Лучшее санитарно-бытовое помещение». Кроме того, в депо решили провести конкурс детских рисунков «Папа, мама, я жду вас дома здоровыми», «Безопасность прежде всего!», «Помни, тебя ждут дома!». – Собираем фотографии, рисунки и дальше с профкомом создадим комиссию и определим лучших участников, – сообщил Нурлан Наурызбаев. Но и это еще не весь перечень мероприятий, который реализуют в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо к Всемирному дню охраны труда. Совместно с профсоюзным комитетом здесь организуют посещение на дому работников-инвалидов, получивших травму на производстве, расскажут о погибших от несчастных случаев, примут участие в мероприятии с приглашением государственного инспектора по труду.

РАЗВИВАЯ СОТРУДНИЧЕСТВО

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нур-Султан



ПЕРЕВОЗКИ

У европейских грузоотправителей растет интерес к транзитным перевозкам через Каспийский регион.

Порт Актау посетили представители немецкой компании Martrade Group. В ходе визита они ознакомились с инфраструктурой порта, а также обсудили вопросы возможного инвестирования в дальнейшее развитие. Председатель правления АО «НК «АМТП» Абай Турикпенбаев в своей речи отметил, что на текущий момент проблем в логистике в рамках ТМТМ не наблюдается, транспортный поток идет, товарообмен происходит.

Так, перевозка грузов через морские порты Актау и Курык по маршруту ТМТМ выросла на 41%. Рост составил 5,4 тысячи двадцатифутового эквивалента (ДФЭ) по сравнению с первым кварталом 2021 года. В том числе за март он составил 2,4 тысячи ДФЭ. Вместе с тем, в целях развития контейнерных перевозок на регулярную фидерную линию Актау – Баку – Актау дополнительно задействовано судно «Бекет Ата». Судно вышло в рейс 20 апреля текущего года с 210 ДФЭ на борту.

Кроме того, в январе текущего года перевозки через порты Актау и Курык составили 14 тысяч тонн, в феврале выросли в полтора раза – до 22 тысяч тонн. В марте этот показатель увеличился в 4 раза к уровню февраля – до 88 тысяч тонн. По данным специалистов, в апреле планируется перевести 238 тысяч тонн груза. Таким образом, по итогам первого квартала текущего года отмечается рост заинтересованности отечественных экспортеров к Транскаспийскому международному транспортному маршруту. С 2016 года объемы перевозок в транзитном сообщении в данном направлении выросли в 14 раз.

ОБМЕН ОПЫТОМ

Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар



ОСМОТР

Под председательством первого заместителя директора Павлодарского отделения ГП Жандоса Кульбаева на станции Аксу-1 провели показательный весенний комиссионный осмотр.

В мероприятии приняли участие заместитель НЖС-3 Болат Баймагамбетов, аппарат РБ-3, руководители ПЧ-32, ПЧ-24, ЭЧ-13, ВЧД-16, ДС Аксу, ДС станций Курколь, Коктобе, Май, дорожные мастера, электро-механики участка Аксу-1 – Май.

ДС Аксу Кайрат Каутанов рассказал об организации проведения и оформления весеннего комиссионного осмотра, сроках устранения неисправностей, о порядке осуществления контроля и рассмотрения результатов, проверке устройств и служебно-технических зданий, стрелочных переводов, главных и приемоотправочных путей, находящихся в границах железнодорожной станции.

Практическую часть показали дорожные мастера по путиловому хозяйству Петр Эрнст, хозяйство сигнализации и связи ШЧУ Асет Айтбаев, ПЧЗС Виталий Явин, хозяйство электроснабжения ЭЧК Артур Джавахян, ЭЧ-13 Халхайдар Солтанов, инструктор вагонного хозяйства ВЧДЭ-16 Баглан Шакубаев.

Железнодорожники оформляли фото, видеоматериалы, специалисты обменялись мнениями. Рекомендации по итогам показательного комиссионного осмотра на станции Аксу-1 приняты к исполнению.

УНИВЕРСАЛЬНЫЙ ПОГРУЗЧИК

Алуа ТЛЕУБАЙ,
Нур-Султан



ОСНАЩЕНИЕ

Для работы с контейнерами на станции Достык приобретен мощный специализированный контейнерный погрузчик (ричстакер). Он пополнил парк крупнотоннажной техники дочернего предприятия АО «НК «КТЖ» – АО «Кедентранссервис».

Техника приступила к работе на приграничной станции Достык. Это универсальная машина для проведения погрузочно-разгрузочных операций. Она отгружает 20- или 40-футовые контейнеры, направляемые в КНР и обратно. Грузоподъемность ричстакера – свыше 46 тонн. Погрузчики делают процесс отгрузки более оперативным и безопасным.

Ричстакер имеет специальное навесное устройство для автоматического захвата контейнеров – спредер. Захват контейнера происходит посредством поворотных замков, которые фиксируются в угловых фитингах. Спредеры имеют поворотную часть, благодаря чему груз можно поворачивать на 300 градусов, что позволяет ускорить процесс отгрузки. Ричстакер может проводить погрузочно-разгрузочные работы в любом месте с доступом к железнодорожному подъездным путям.

– Приобретенная техника существенно снизит эксплуатационные расходы на терминале станции Достык. Ричстакер отличается маневренностью, высокой скоростью обработки контейнера, – сказал главный инженер АО «Кедентранссервис» Юрий Юревич.

На сегодня в парке компании насчитывается 10 ричстакеров.

№30-31 (2745-2746) 26/04/2022

ЖОЛСЕРІКТЕР ҚЫЗМЕТІН ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРУ ҚАЖЕТ



СЕРВИС

«Жолаушылар тасымалы» АҚ соңғы жылдары сервистік қызмет сапасын арттыруға күш салуда. Ұлттық тасымалдаушы қызметінде қандай жаңалықтар мен өзгерістер бар? Жылжымалы құрамды жаңартуға бағытталған жұмыстар нәтиже берді ме? Біздің сауалымызға «Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс аймақтық филиалының Ақтөбе телімі бойынша басшысы Нұрбек Қуатов жауап береді.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

– Карантиннен кейін қайта жанданған жолаушылар тасымалында ең алдымен пойыздардағы сервисті жақсарту үшін бірқатар жұмыстар қолға алынды. Ақтөбе телімінде вагондардың ішін тазалаумен айналысатын "СК Керемет" деген үлкен компаниямен келісімшартқа отырдық. Сонымен қатар, төсек-орын сапасы да жақсара түсті. Бұл жерде де арнайы компаниямен келісімшартқа отырдық. Төсек сапасы жоғары матадан тігілген, таза және оларда пайдалану мерзімі мөрмен көрсетіліп тұрады, – дейді Нұрбек Қуатов.

– Сервистік қызмет сапасы жақсарғаны әрине қажеттілік, ал жолсеріктерге қойылар

талап ше, өзгерді ме?

– Жолаушылар тасымалы қызметін ұйымдастырып отырған Ақтөбе телімінде 500-ге жуық қызметкердің 464-і – жолсерік. Әрине, жолаушылармен тікелей байланыс жасап, бірге сапарлас болатын жолсерікке қойылар талап қашан да жоғары. Жолсеріктер қызметін жаңа деңгейге көтеру қажеттілігі бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналып отыр. Ұқыптылығы, өзін ұстауы, сөйлеу мәдениетіне дейін көңіл бөлінеді. Жолаушыға жағымды әсер қалдыра білуі керек. Биыл барлық жолсеріктер жаңа формамен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар оларға сервистік жұмыстарды жақсартуға бағытталған техникалық сабақтардың саны арта түсті. Осының бәрі, сайып келгенде, жолсеріктер қызметін

жетілдіру, жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

– Жолсерік пен жолаушы арасындағы байланыс, коммуникация туралы не айтар едіңіз?

– Жолсеріктер жолға шығар алдында міндетті түрде жедел талап қашан да жоғары. Жолаушылармен мәдениетті қарым-қатынасты сақтау, шиеленіскен жағдайларда ашуға бой алдырмай шешу ескеріледі. Арнайы нұсқаулықта осыған басымдық беріледі. Жолаушыларға жылы қарап, үлкендерге, мүгедектерге көмектесу секілді қанға сіңген қасиеттерімізді ұстану қажет. Сапар кезінде әр жолсерік осындай құндылықтарды ұстанып, жолаушыларға ұлттық мәдениетімізбен қызмет көрсетсек, одан тек ұтатынымыз анық.



– Жолсерік мамандығына қызығушылық неден туындайды?

– Жолсеріктердің әлеуметтік жағдайы назардан тыс қалған емес. Компания ұсынған әлеуметтік көмектерден бөлек биыл жолсеріктердің жалақысы 40 мың теңгеге өсті. Жолсеріктердің көңіл күйін жақсарттады. Біліктілігін арттыру бойынша семинарларға тұрақты қатысады. Байқасаңыз, бұрынғыдай жолаушы вагондарында өріп жүретін «қояндар» жоқтың қасы.

– Демек?

– Демек, жолсеріктердің жолаушы қызметінің мәдениетіне үйреніп, адал жұмыс істеуге ден қоя бастағаны, сонымен қатар бұрынғыдай емес, жалақылары өскесін билетсіз жолаушы алып, басы дауға қалғанша, тыныш жұмыс істеп, барды қанағат еткенді дұрыс көреді.

– Жолаушы вагондары паркін жай-күйіне тоқталсаңыз.

– Бүгінде Ақтөбе телімінде 200-ден аса вагон бар. Бәрі де жарамды, жоспарлы түрде жөндеуден өтіп тұрады. Мұндағы вагондардың дені – 2007 жылы шығарылған қытай вагондары. Олар әлі де 20-30 жыл қызмет көрсетеді деген жоспар бар. Қазіргі уақытта Маңғыстауға қарай жаңа вагондар келіп жатыр. Ақтөбенің өзінде дені қытай елінен шыққан

сапасы жоғары вагондар бар. Әйелдер вагоны да қолданыста. Вагон паркі тұрақты жаңартып жатыр. Биылдыққа 50-60 вагон жандарды.

– Тазалық жұмыстарын жүргізетін клининг компанияларға көңіл тола ма?

– Сервистік қызметке көп көңіл бөлініп жатыр. Соған орай «Жолаушылар тасымалы» компаниясы клинингтік компаниялармен байланысты нығайтты. Өйткені, сервис де-геніміз ең алдымен ол – тазалық. Вагонның іші мен сыртының тазалығына үлкен көңіл бөлініп жатыр. Сондықтан жолаушылар пойызына санитарлық гигиеналық құралдармен жабдықтау мен ішкі клининг жұмыстары жанданған.

– Алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз.

– Алдағы уақытқа жоспар көп. Жолсеріктердің білімін арттыруға көңіл бөлініп, бірқатар бағдарламаларды қарастырып, техникалық сабақтардың ауқымын кеңейтуді қолға алмақпыз. Сонымен қатар, қазіргі уақытта жолсеріктердің вагонның ішкі құрылысын толық білуі талап етіледі. Қай жерден ақау кеткенін, нені алмастыру керектігін білгені дұрыс деп ойлаймыз. Жолаушылар тасымалы қызметінде алдағы уақытта әмбебап жолсеріктер жұмыс істегенін қалаймыз. Бұл – уақыт талабы.

Суретті түсірген автор

ЖАН ЖЫЛУЫ



МЕРЕЙ

Жақының жатқа айналып бара жатқан мына заманда жатты жанына жақын тартып, жүрек жылуын беретіндерді көрсең жерден жеті қоян тапқандай боласың. Маңғыстаулық жолаушылар пойызының жолсерігі Гүлжахан Жармағамбетова – осындай жан. Мүмкін ол жолсеріктің қызметтік міндеті дерсіз, бірақ бәрібір жан жылуына бөлеген мейірімділігі еріксіз тәнті етеді...

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Мерекелік демалыста аяқастынан ұшақпен жолға шығуға тура келді. Қайтуға әзер дегенде пойызға бір билет таптық. Купенің жоғарғы орны. Десе де, пойызға бас сұққанымызға риза едік. Әрине, салт басың қайда да сыды, бірақ екі жасар баламен жоғарғы қабатқа шығып жата алмасың анық. Төменде той дан қайтқан қос әжей. Жастары біраз жерге жеткен кейуаналар қастарына балалы әйел жайғасқанын тіпті ұната қоймады. Жағдайымызды көрген жолсерік жолшыбай түсіп қалатын жолаушының төменгі орнын сұрап, жайғастырды. Біраз уақыт жолды солай қысқарттық. Бірақ түн жарымда кезекті станциядан уақытша орнымыздың жаңа қожайыны келді... Қайта көшу керек... Осылай вагондағы көшпендіге айналдық. Бір біз емес, жоғарғы орында келе жатқан тағы бір әйел, қолында отадан шыққан 11 айлық бөбегі бар.

Жолсерік Гүлжахан апай сол келіншек екеуіміздің жағдайымызға алаңдап, анда көшіріп, мында көшіріп, бәйек болумен болды. Төменнен орын табылмағасын әлгі балалы келіншекті өз қызметтік купесіне жайғастырды.

Жолаушылар тасымалында тоқсаныншы жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан кейіпкеріміз кезінде «Маңғыстау-Мәскеу» пойызының алғашқы жолсеріктерінің бірі болған екен. Қазір отағасы екеуі де Маңғыстау-Семей бағытында жолсерік. Алты күн жолда жүрсе, алты күн үйде демалады. Апталап үй бетін көрмей, сонша жыл еңбек етсе де айтарлықтай марапаттары да жоқ екен. Бірақ оған қамығатын Гүлжахан емес көрінді, халықтың алғысы мен батасы – ол үшін ең үлкен марапат.

– Осыдан көп жылдар бұрын пойызға Маңғыстаудың Опорная станциясынан аяғы ауыр келіншек отырды. Әлі есімде, жанындағы медбикемен тоғызыншы купеге жайғасты. Жолшыбай толғағы күшейіп, Бейнеуге жетпей босандырып алғанбыз. Аман-есен нәрестесін бауырына алған келіншек «қызыма сіздің атыңызды қоям» деген болатын. Сол қыз осыдан үш жыл бұрын хабарласты. «Таптым-ау ақыры, мен сол Гүлжаханмын ғой» дегенде қуаныштан көзіме жас келді...

Ал мына келіншек болса, пойызға Нұр-Сұлтан қаласынан мінді. Қызы Айданың жүрек клапыны жыртылып кетіп, соған елордада операция жасапты. Баланың беті бері қарағасын ауруханадан шығатынын хабарлайды. Ол жақта барар жері жоқ байғұс ана билет тапқанына қуанып, үйге қайтуға асығады.



Осындай талай тағдыр кездеседі, мұндайда бір-бірімізге көмектесе алмасқа, несіне адам болып жүрміз? Еріксіз араласып, төменгі орын тауып бергім келеді. Өйтсе де, сатып алған орнын кім береді, оған құқымыз да жоқ, ал кейде түсініп, айтқызбай-ақ төменгі орынды балалы әйелдер мен үлкен кісілерге босатып беретіндер болады. Ондайда іштің риза болып, өз балам орын бергендей марқайып қалам, – дейді анасы жаялық алуға сыртқа шығып кеткен Айданы көтеріп жүрген жолсерік. Кім біледі, күндердің күні кішкентай Аида да ержетіп, анасы екеуіне қиын-қыстау күндері қамқор болған Гүлжахан апаны іздеп келуі мүмкін ғой?!

– Қызымның ауруымен күресіп, мең-зең күйде жүргенде Алла алдымнан бірнеше жақсы адамды жолықтырды. Отадан кейін қызымды қалай болса солай көтеруге де болмайды. Ол да пойызда жүріп-тұруға қиындық туғызады. Осындайда жүрегі мейірімге толы Гүлжахан апайдай адамдар бұл өмірде бар екенін дәтке қуат етемін. Шақырған таксім келмей, пойызға кешігетін болдым деп ауруханада жылап тұрған жерімнен танымайтын бір бейтаныс қыз көлігімен алып келіп вагонға мінгізіп кетті. Енді, міне, Гүлжахан апай өз купесін босатып беріп, ас-суыма дейін дайындап, жағдайымызды жасап келеді. Олардың жақсылығын екі дүниеде ұмытпаспын, – деп көзіне жас алды зулап келе жатқан Маңғыстау-Семей пойызының кішкентай жолаушысы Айданың анасы Ұлболсын Төребаева.

Суретті түсірген автор

ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ

«КТЖ» ҰК» АҚ-да табиғи монополиялар саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну бойынша 2021 жылғы қызметінің қорытындылары мен 2022 жылға арналған негізгі міндеттері жөніндегі қоғамдық тыңдау заңнамаға сәйкес, онлайн конференц-байланыс форматында өтті.

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан

Оған ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің, заңды тұлғалар бірлестіктерінің, өнеркәсіптік қауымдастықтардың өкілдері, жеке тасымалдаушылар және өзге де қызмет тұтынушылары қатысты. Отырысқа төрағалық еткен ҚТЖ-ның қаржы жөніндегі басқарушы директоры Даир Көшеров компания өз қызметінің тиімділігін арттыру үшін қызмет тұтынушыларымен қарым-қатынаста ашық саясат жүргізетінін атап өтті.

«КТЖ» ҰК» АҚ – «Магистральдық желі дирекциясы» филиалы директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Александр Желіс магистральдық теміржол келісімі қызметтерін көрсету саласындағы

субъект және жұмыс көрсеткіштері туралы хабардар етті. Сондай-ақ ол ұсынылған қызметтер көлемін орындау мен сапасын арттыру, инвестициялық бағдарламаларды іске асыру, негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізу және қызмет перспективалары, тарифтік сметаның баптар бойынша орындауы мен қызмет тұтынушыларымен жүргізілетін жұмысы туралы баянда берді. Оның айтуынша, реттелетін қызметтердегі жүк айналымы (экспорт, импорт, ішкі қатынас) 193 732 млн т-км құрап, жолаушылар вагондарының қозғалысы 622 948 мың вагон-км жеткен.

Өткен жылы Магистральдық темір жол желісінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінен түскен кірістер 333 млрд теңгені, ал реттелетін қызметтер

бойынша 2021 жылы инвестициялардың жалпы көлемі 95 млрд теңгені құраған. 2021 жылы компания салған инвестициялар темір жол көлігімен жүк тасымалдау қажеттіліктерін қанағаттандыруға, темір жол көлігінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге, жекелеген уәкелерде пойыздар қозғалысының жылдамдығы мен айналымдылығын арттыруға мүмкіндік берді.

Жыныда «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының экономика жөніндегі атқарушы директоры Ерлан Қизатов кірме жолдарды ұсыну, электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсету бойынша есеп берді. Негіздемелері бар толық есеп www.railways.kz сайтының «Инфрақұрылым» бөлімінде орналастырылған.

ҚЫРАҒЫЛЫҚ – КӘСІБИ ДАҒДЫ



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Бәкене бойлы, өз ісінің хас шебері атанған жігіт – кәсібіне берілген нағыз маман. Сан мәрте қауіптің алдын ала білген Сейітмек – кәсібіне адалдық адамды құрметке бөлейтінін дәлелдей білген теміржолшы. Оның назарынан ақаулы вагон мүлт кетпейді екен деп аңыз айтатындар да бар. Қалай болған күнде де екі рет «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісімен тегін адам марапатталмаса керек.

Өткен айда тағы бір вагоннан күрделі ақау анықтап, тағы бір қауіптің алдын алыпты. Наурыз айының 27-і күні №3523 жүк пойызына техникалық қызмет жасап жүріп, доңғалақ жұптарынан шыққан әлсіз ғана оғаш дыбысқа кәсіби дағдысымен елең етіп, қайта үйлген. Тексерсе келе №56749195 нөмірлі вагон доңғалағынан табылған ақау қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндіріп тұрғаны анықталды.

Қазалы вагон пайдалану депосының Қызылорда станциясындағы техникалық қызмет көрсету пунктінде бірнеше жылдан бері Сейітмекпен бірге жұмыс жасап келе жатқан әріптестері де оның бойынан нағыз кәсіби теміржолшыға, вагон қараушыға тән қасиеттің бәрі бар екенін мойындайды, әсіресе қиядағыны көзі шалатын ерекше қырағылығына

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өзгелерге сөзімен емес, ісімен үлгі бола білген қызылордалық вагон қараушы, екі мәрте «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісінің иегері Сейітмек Онбаев, әріптестерінің айтуынша, өзінің шеберлік мектебін қалыптастыруға лайық жан.



тәнті болады.

– Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру – теміржолшының ең басты міндеті. Осыған байланысты ең басты бойынша өтетін қауіпсіздік акцияларына ұжымның барлық мүшелері тегін атсалысады. Акция кезінде ақаулы вагондарды тауып, еңбегі еленген ұжымдастарымыз құрметке бөленіп, марапатқа, сыйақыға ұсынылады. Солардың арасында Сейітмек Онбаевтың орны ерекше. Вагонда, әсіресе, бүйір рамасының ақауын табу өте қиын жұмыс, оны жай көзбен көріп анықтау мүмкін емес, тек тәжірибелі вагон қараушылар дыбыстан аңғаратын көреді. Тіпті, кейде осындай күрделі ақаулар түнгі мезгілде табылып жатады, бұл нағыз ерлік саналады. Сейітмек – осындай аңғарылуы қиын ақауды жеті қараңғы

түнде, қол шамы мен балғасының көмегімен, бүйір рамасының ішкі жағының ақауын айнаның көмегімен анықтаған теміржолшы, қырағылық – оның кәсіби дағдысы, – деп пікір білдірді әріптестерінің кәсібиілігіне ерекше сүйсінген Қызылорда ТҚКП басшысы Рүстем Ұзақбаев.

– Депоға вагон қараушы болып жұмысқа орналасқан 2002 жылдан бері, шүкір, абыройсыз емеспін. Әрине, адам іштен бәрін біліп тұмайды, мен де алдымдағы ұстаздарымнан оқыдым-тоқыдым, үйрендім. Жүре келе тәжірибе жинап, адамда дағды, кәсіби білік, түйсік пайда болады, кейде тіпті келіп тұтқан құрамнан ақау шығарын күні бұрын сезіп тұратын боласың, – дейді үздік вагон қараушы Сейітмек Онбаев.

Суретті түсірген автор

Рационализаторство

ПРЕДЛОЖЕНИЕ С ЭКОНОМИЧЕСКИМ ЭФФЕКТОМ

Костанайским рационализаторам удалось улучшить маневровую работу на путях станции Железородная.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Железородная – одна из основных станций в регионе. От ее эффективной работы зависят многие производственные показатели. Прежде здесь имелись затруднения при производстве маневровой работы на приемоотправочных путях №3 и №4. Данные пути являются ходовыми, вместимостью по 76 условных вагонов. Проблема возникла тогда, когда появлялась потребность перестановки технически неисправных вагонов с пути на путь. Для этого требовалось вытягивать вагон за маневровый светофор, так как в створе приемного стыка стрелочного перевода он отсутствовал. Расстояние от приемного стыка стрелочного перевода №41 до изолирующего стыка маневрового светофора М-25 составляет 136 метров, то есть, маневровый локомотив проходил лишние 272 метра и затрачивал время.



Как сообщил главный инженер Костанайского отделения грузовых перевозок Азамат Ибраев, для решения данной проблемы и улучшения маневровой работы в створе приемного стыка стрелочного перевода в рамках рационализаторского предложения был установлен

маневровый светофор. Ранее, к примеру, чтобы переставить 26 вагон по счету с третьего пути на четвертый, требовалось произвести маневры с выходом на главный путь за маневровый светофор. Но из-за проходящего поезда маневры приходилось приостанавливать в среднем

на 20 минут до освобождения нечетной горловины. Все это негативно влияло на производительность маневрового локомотива, в целом технологический процесс работы станции.

